

**«6D020600 – Дінтану мамандығы бойынша»**  
**философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға дайындаған**  
**Камалова Фәриде Болатқызының**  
**«Қазақстанның киелі жерлері: дінтанулық талдау» тақырыбында**  
**жазылған диссертациялық жұмысына ресми**

**СЫН ПІКІР**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі, оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

«Қазақстанның киелі жерлері: дінтанулық талдау» атты докторлық диссертацияның тақырыбының өзектілігі, аталмыш тақырыптың мемлекеттік бағдарламалармен, қазақ руханиятының дамуымен, ұлттық идеяны дамытумен тікелей байланысты. Еліміздің киелі жерлерін зерттей отырып, дінтанулық түрғыдан баға беру, тарихқа деген жаңа көзқарасты қалыптастырып қана қоймай, сонымен қатар мемлекетіміздің алдына қойып отырған басты мақсаттардың бірі «рухани жаңғыру», «ұлттық бірегейлікті арттыру», «тарихымыз берін мәдениетімізді жаңа қырларынан насиҳаттау» сынды саяси-әлеуметтік маңызы бар миссияларды жүзеге асырады. Сондай-ақ, кең-байтақ қазақ елінің қойнауында, қасиеті мен тарихы әлі де ашыла қоймаған, көпшіліктің назарынан тыс қалған, әлі-де зерттеулерді қажет ететін нысандардың көп екендігі сөзсіз. Осы қырынан алғанда, қолымыздағы зерттеу жұмысы еліміздің тарихы үшін, болашақ ұрпақ үшін өте маңызды тақырыптардың бірін қозғап отыр. Себебі кез-келген киелі саналатын нысан тек қана жергілікті мекенге немесе адамдарға ғана емес, елдің, мемлекетіміздің мақтанышы бола алады, және аталмыш нысандар арқылы еліміздің туристік бағытын дамытуға зор үлесін тигізетіні анық.

**2. Диссертацияға қойылатын (ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 9-10 тармақтарында және ғылыми қызметтің тиісті мамандықтарының төлкүжаттарында) талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.**

Ізденуші Камалова Фәриде Болатқызы ғылыми жұмысының негізінде келесідей ғылыми нәтижелерді ұсынады:

*1-ши нәтиже:* Киелі, қасиетті ұғымдарына мазмұндық талдау жасалып, оның дәстүрлі қазақтың жалпы дуниетанымы, дін мен діл ерекшеліктеріне байланысты айқындалып, аталған ұғымдардың ең алдымен ежелгі қазақтардың діни сенімі – ата-баба культі, ата-баба рухын күрметтеу, аруактарға сенумен байланысты негізделді;

*2-ші нәтижесе:* Қазақстандағы киелі жерлерді анықтаудың негізгі принциптері мен классификациясы анықталды;

*3-ші нәтижесе:* Қазақстанның діни және ғибадат орындары аталатын киелі жерлеріне дінтанулық талдау жасалынды, өзара сабактастыры ашылды;

*4-ші нәтижесе:* Киелі жерлерге дінтанулық талдау жасау барысында зерттеу жұмысының нәтижесі ретінде жасалған жеке класификация ұсынылды;

*5-ші нәтижесе:* Рухани жаңғыруда киелі жерлердің ұлттық кодты нығайтудағы маңыздылығы айқындалды;

*6-ші нәтижесе:* Қазақстанның жаһандану үрдісіндегі ұлттық бірегейлігін сақтап қалудағы киелі жерлердің орны мен рөлі көрсетілді.

### **3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.**

Ізденуші зерттеу жұмысында әрбір ғылыми нәтижені, қорытындылар мен тұжырымдарды негіздеуде зерттеу нысаны бойынша мол ғылыми қорға сүйене білген. Шетелдік және отандық еңбектермен қоса, дінтану бағытындағы классикалық фундаментальді еңбектерді де қолдана білген.

Ғылыми жұмыс нәтижесінің шынайылығы мен дәйектелуін белайша тарқатып айтуда болады:

*1-ші нәтижесе:* Киелі, қасиетті ұғымдарына жан-жақты терең терминологиялық зерттеу жүргізген, және діни феноменологиялық сипатқа ие құбылыс ретінде дінтанулық классиктердің еңбектеріне сүйене білген.

*2-ші нәтижесе:* Қазақстандағы киелі жерлерді анықтау бойынша тарихи және географиялық зерттеулерге сүйене білген. Аталмыш нысандардың діни және дінтанулық мәніне талдау жасалған.

*3-ші нәтижесе:* Қазақстанның діни және ғибадат орындары аталатын киелі жерлеріне дінтанулық талдау жасалынған, діни тарихы мен мәні сипатталған.

*4-ші нәтижесе:* Киелі жерлерге дінтанулық талдау жасай отырып, ізденуші киелі нысандарды анықтауға өз классификациясын ұсынады.

*5-ші нәтижесе:* Рухани жаңғыруда киелі жерлердің ұлттық кодты нығайтудағы маңыздылығы айқындалған. Негізгі қорытынды жүйелі түрде ұсынылған.

*6-ші нәтижесе:* Қазақстанның жаһандану үрдісіндегі ұлттық бірегейлігін сақтап қалудағы киелі жерлердің орны мен рөлі көрсетілген. Тарихи құрылымдық, каузальді зерттеудің нәтижесінде зерттеу жұмысының негізгі жаңалықтарына қол жеткізе білген.

#### **4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидастырылған) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.**

*1-ші нәтиже: Салыстырмалы түрде жаңа.* Себебі, ізденуші «Киелі», «қасиетті» терминдерін дін феноменологиясы тұрғысынынан қарастырғанмен аталмыш феноменнің көріністері өзге де ғылымдар тұрғысынан зерттелінген.

*2-ші нәтиже: Салыстырмалы түрде жаңа.* Себебі, зерттеушінің ғылыми жұмысында киелі жерлердің түрін анықтауға қатысты әлемдік үлгілерді мензей отырып, негізгі принциптер топтастырылған.

*3-ші нәтиже: Жаңа.* Қазақстанның діни және ғибадат орындары аталағын киелі жерлері дінтанулық талдау жасалынған.

*4-ші нәтиже: Жаңа.* Киелі жерлерге жеке класификация ұсынылған;

*5-ші нәтиже: Жаңа.* Рухани жаңғыруда киелі жерлердің ұлттық кодты нығайтудағы маңыздылығы айқындалды;

*6-ші нәтиже: Салыстырмалы түрде жаңа.* Себебі, ұлттық бірегейлікті сақтап қалудағы киелі жерлердің рөлі туралы дінтанулық тұрғыдан қарастырған.

#### **5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін бағалау.**

Диссертациялық жұмыстың жоспары жүйелі түрде, салалы байланыса отырып түзелген. Ишкі тараулар мен тармакшалар, негізгі тақырыптың мәні мен мазмұнын ашуға бағытталған. Жұмыстың құрылымында, тараулардың көлемдік жағынан теңсіздік кездеседі, және бұл сипат, зерттеу жұмысының кейбір тармактарында тарихи қызығылттарға көбірек назар аударылғандығымен байланысты болып табылады. Дегенмен диссертацияның өзіндік терминологиясы бар, ұғымдық-категориалдық аппараты толық, мақсаты мен міндеттері орындалған.

#### **6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндеттерді шешуге бағытталғандығы.**

Ғылыми ізденістің тұжырымдары дінтану саласын кешенді зерттеудегі бос кеңістікті толықтырады, сонымен қатар, мемлекетіміз үшін тарихи және діни идеологиялық, ұлттық рухани маңызы бар болып табылатын нысандарын қайта жаңғыртуға, еліміздің игілігі үшін қайта қалпына келтіруге, болашақ үрпаққа насихаттауға бағытталған. Зерттеудің негізгі нәтижелері орта және арнайы білім беру орындарында, сонымен қатар ЖКОО – да өлке тану, туризм бағыты бойынша білім алушылар үшін арнайы оқу курсы ретінде пайдалануға, дінтану бағытында білім алушылар үшін арнайы оқу курсы ретінде пайдалануға болады. Сондай-ақ мемлекетіміздің арнайы бағдарламаларын іске асыруға пайдалануға болады.

## **7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының толықтығына растама.**

Диссертациялық жұмыс әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің, Философия және саясаттану факультеті, дінтану және мәдениеттану кафедрасында орындалды. Диссертациялық зерттеудің мазмұны мен негізгі нәтижелері 16 ғылыми мақалада көрініс тапты, соның ішінде ҚР БГМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған саяси, философиялық және мәдениеттану бойынша диссертациялардың негізгі қорытындыларын жариялауға арналған «ҚазҰУ Хабаршысы» журналында – 2 ғылыми мақала, «Әл-Фараби» журналында – 1 мақала жарияланып, нөлдік емес импакт факторы бар халықаралық ғылыми журналдар базасына тіркелген шетелдік журналда жарияланған ғылыми мақала – 1, халықаралық ғылыми конференциялар материалдарының арнайы жинактарында – 5 ғылыми мақала (оның ішінде 1 мақала шетелдік баспада) басылып шықты.

## **8. Авторефераттың диссертация мазмұнына сәйкестігі.**

Алға қойған мақсат пен міндеттерге байланысты зерттеу жұмысының құрылымы кіріспеден, әрқайсысы екі тараушаны қамтитын үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертациялық зерттеудің жалпы көлемі 130 бет.

## **9. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.**

Сыннан өтіп отырған зерттеу жұмысының жоғарыда көрсетілген жетістіктерімен қатар, оның мазмұнында кейбір кемшіліктердің кездесетінін ескертеміз:

1) Зерттеу жұмысының негізгі нысаны киелі жерлерге тиісті болғандықтан зерттеу жұмысында кеңінен орын алған киелі мекендердің қазіргі қазақ дәстүріндегі орнымен қатар, бүгінгі таңдағы тұрғылықты халықтың көзқарасы туралы аймақтық зерттеу, сауалнама жүргізілсе, жергілікті халықтың пікірі немесе сұхбаты берілсе жұмыстың құны арта түсер еді;

2) Издешінің зерттеу жұмысында қазіргі таңда маңызды болып табылатын өзекті тақырып қозғалып отыр, аталған тақырыптағы зерттеу жұмысын алғашқылардың бірі болып көтеріп отырғандықтан, болашакта осы тақырыптың аясын кеңітіп, зерттеуде жасалған дінтанулық талдауын терендептіп, діни феноменологиялық зерттеуін күшайте түссе деген тілек бар;

3) «Жұмыстағы кейбір орфографиялық және пунктуациялық қателіктерді түзету қажет;

**10. Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 2-бөлімінің талаптарына сәйкестігі.**

Жалпы кез-келген жұмыс сын, ескертулерсіз болмасы анық. Алайда жоғарыда айтылған ескертулер жалпы зерттеу жұмысының маңыздылығы мен өзектілігіне нұқсан келтірмейді, «Қазақстанның киелі жерлері: дінтанулық талдау» деп аталатын бұл диссертациялық жұмыс өзекті мәселеге арналған, тиісті нәтижелері, қорытындылары мен тұжырымдары бар толыққанды ғылыми еңбек болып табылады. Ол ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 2-бөлімінің талаптарына сәйкес келеді, ал жұмыстың авторы Ф.Б. Камалованың «6D020600 – Дінтану мамандығы бойынша» философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайык.

**Нұр-Мұбарак Египет Ислам мәдениеті университеті**  
**Дінтану кафедрасының доценті м.а., PhD А.К. Дүйсенбаева**

